Алматы облысы, Іле ауданы, Түймебаев ауылы
ЖШС «Ғасыр-МБК»

«Өркен» бөбекжай-балабақшасы

№3 жалпы ата-аналар жиналысының хаттамасы
2025–2026 оқу жылы

Тақырыбы: «Баланың психологиялық дамуы және ата-ананың рөлі»

Төрайымы: Жәуміт А.Б.
Хатшысы:Бүркіт А .
Өткізілген күні: 12.05.2026
Өткізілген орны: «Өркен» бөбекжай-балабақшасы
Қатысқандар: Тәрбиешілер, ата-аналар

Жиналыстың мақсаты:

Баланың психологиялық дамуының ерекшеліктерімен таныстыру және ата-ананың бала тұлғасының қалыптасуындағы рөлін түсіндіру.

Міндеттері:

* Баланың психологиялық дамуы туралы түсінік қалыптастыру;
* Ата-ананың тәрбиедегі жауапкершілігін арттыру;
* Баланың эмоционалдық саулығын сақтау жолдарын қарастыру;
* Отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Күн тәртібі:

1. Баланың психологиялық даму кезеңдері.
2. Ата-ананың бала тәрбиесіндегі рөлі.
3. Баланың эмоциялық жағдайын қолдау жолдары.
4. Пікір алмасу және ұсыныстар.

Тыңдалды:

Жиналыс барысында баланың психологиялық дамуы оның денсаулығына, тәрбиесіне және қоршаған ортамен қарым-қатынасына тікелей байланысты екендігі түсіндірілді. Ерте жастағы балалардың эмоциялық жағдайы тұрақсыз болуы мүмкін екені, сондықтан оларға ата-ананың мейірімі мен қолдауы аса қажет екендігі айтылды.

Сонымен қатар, баланың өзін қауіпсіз сезінуі, өзіне деген сенімділігінің қалыптасуы және қоршаған ортаға бейімделуі көбінесе ата-ананың қарым-қатынасына байланысты екендігі атап өтілді. Баланы тыңдау, оның сезімін түсіну, қолдау көрсету және жетістіктерін мадақтау психологиялық дамудың маңызды факторлары ретінде қарастырылды.

Жиналыста ата-ананың балаға қойған талаптары оның жас ерекшелігіне сай болуы керектігі түсіндірілді. Баланы өзгелермен салыстырмай, оның жеке қабілеттерін дамытуға көңіл бөлу қажеттілігі айтылды. Отбасындағы жылы қарым-қатынас пен өзара сыйластық баланың тұлғалық дамуына оң әсер ететіні жөнінде толық ақпарат берілді.

Сондай-ақ, ата-аналарға баланың мінез-құлқындағы өзгерістерге назар аудару, оның көңіл-күйін бақылау және қажет болған жағдайда мамандардың кеңесіне жүгіну ұсынылды.

Тәрбиешінің талдауы:

Балалардың психологиялық дамуы әртүрлі деңгейде байқалатыны анықталды. Кейбір балаларға қосымша эмоционалдық қолдау қажет екендігі байқалды. Ата-аналармен бірлескен жұмыстар нәтижесінде балалардың балабақшаға бейімделуі мен қарым-қатынас жасау дағдылары жақсара түскені айтылды**.**

Қаулы:

* Баланың психологиялық дамуына қолайлы жағдай жасалсын;
* Ата-аналар баламен сапалы уақыт өткізуге көңіл бөлсін;
* Баланың эмоциялық жағдайына тұрақты түрде назар аударылсын;
* Отбасы мен балабақша арасындағы байланыс күшейтілсін;
* Педагогтар мен ата-аналардың бірлескен жұмысы жүйелі жалғастырылсын.

Әдістемелік ұсыныстар:

* Баламен күн сайын ашық әңгімелесу;
* Баланың жетістіктерін мадақтап отыру;
* Баланың пікірін тыңдау және құрметтеу;
* Отбасында жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру;
* Бірлескен ойындар мен шығармашылық жұмыстарды көбейту.

Төрайымы: Жәуміт А.Б

Хатшысы: Бүркіт А